

**«Қар барысын бірге сақтайық!» жыл сайынғы сурет
конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ
Нұр-Сұлтан қ., 2021 ж.**

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Қар барысын бірге сақтайық!» өңірлік конкурсы (бұдан әрі – конкурс) Халықаралық қар барысы күнін мерекелеу шеңберінде өткізіледі.

Халықаралық қар барысы күні жыл сайын 23 қазанда атап өтіледі және Қызыл кітапқа енген жануарды сақтауға және қорғауға арналған.

Конкурсты ұйымдастырушылар – Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – ҚР ЭГТРМ). Конкурс Жаһандық экологиялық қордың (ҒЭҚ) қолдауымен өткізіледі.

2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- Конкурстың мақсаты - қазақстандықтарды қар барысының популяциясын сақтау қажеттілігі туралы хабардар ету.
- Конкурс мынадай міндеттерді шешуге арналған:
- Қазақстандағы қар барысын сақтау және оның популяциясының санын ұлғайту жөніндегі қызметке балалар мен жастарды тарту;
- Жас ұрпақтың экологиялық мәдениет деңгейі мен Қазақстанда сирек кездесетін жануарлар түрлерін сақтау мәселелеріне қызығушылығын арттыру;
- Балалар мен жастардың шығармашылығын қолдау және дамыту, конкурсқа ұсынылған жұмыстарды кәсіби бағалау мүмкіндігі.

3. КОНКУРС ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Конкурстың барлық кезеңдерін ұйымдастыруға жалпы басшылықты Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады, ол:

- конкурс туралы хабарлайды, конкурсты ақпараттық сүйемелдеу үшін БАҚ-ты тартады;
- конкурсты дайындауға және өткізуге байланысты туындайтын ақпараттық мәселелерді шешеді;
- конкурсқа қатысу үшін өтінімдер мен жұмыстарды қабылдайды және тіркейді;
- қатысушыларға қажетті кеңестік-әдістемелік көмек көрсетеді;
- конкурсқа қатысуға және ең қызықты жұмыстарды көтермелеуге кеңес береді;
- конкурс жұмысына қатысуға кәсіби қазылар алқасын шақырады;
- жұмыстарды іріктеуді ұйымдастырады, конкурс жеңімпаздарына наградаларды тапсырудың салтанатты рәсімін және жұмыстар көрмесін өткізеді;
- құжаттардың (өтінімдер, қазылар алқасының хаттамалары, қарау бағдарламалары және т. б.), көркем жұмыстардың (авторлық жұмыстардың көшірмелері және т. б.) мұрағатын және өзге де материалдарды сақтайды.

3.2. Конкурсты ұйымдастыру мен өткізуге жұмсалатын жалпы шығыстарды ұйымдастырушылар өз мойнына алады.

3.3. Аудандық БАҚ алдағы конкурс және оның қорытындылары туралы мәліметтердің таратылуына ықпал етеді.

3.4. Облыстық және аудандық білім бөлімдері, облыстық әкімдіктердің табиғи ресурстар басқармалары және жақын маңдағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (бұдан әрі – ЕҚТА) алдағы конкурс және оның жұмыс қорытындылары туралы мәліметтердің таралуына ықпал етеді.

КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ГЕОГРАФИЯСЫ

Конкурс 2021 жылғы 27 қыркүйектен 23 қазанға дейін Өскемен қаласында өткізіледі. Конкурстық жұмыстар мен өтінімдер 23 қазанға дейін (қоса алғанда) қабылданады.

Конкурс қорытындылары 2021 жылғы 29 қазанда шығарылады.

Конкурс Шығыс Қазақстан облысында тұратын қатысушылар үшін өткізіледі.

КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

Конкурс аясында номинациялар бойынша ең қызықты жұмыстар анықталады (толығырақ «Конкурсқа қатысу шарттары» 4-5 бөлімін қараңыз).

Конкурс 3 кезеңде өткізіледі:

1-кезең: 2021 жылғы 27 қыркүйек – конкурс жариялау, жұмыстар жинау. 2021 жылғы 23 қазанға дейін конкурсқа қатысушылар толтырылған өтінімді (1-қосымшаны қараңыз), сондай-ақ конкурстық материалдарды: «Қар барысын бірге сақтайық!» тақырыбына pdf форматында сканерленген көркем жұмыстарды немесе жақсы сападағы фотосуреттерді (жанрлар: кескіндеме, графика) ұсынады.

Өтінім мен конкурстық жұмыстарды конкурстың Ұйымдастыру комитетіне мына электронды поштаға: snowleopard_contest@mail.ru жіберу қажет.

2-кезең: 2021 жылғы 24-27 қазан - қазылар алқасының отырысы, конкурстық жұмыстарды бағалау.

3-кезең: 2021 жылғы 29 қазан - конкурс қорытындыларын шығару, конкурс жеңімпаздарын марапаттау.

4. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

4.1. Конкурсқа қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне өз жұмыстарын ұсынған екі жас санатындағы: 7-12 жастан 13-16 жас аралығындағы балалар мен жастар шақырылады.

4.2. Конкурстық жұмыстар конкурстық тақырыпқа сәйкес келуі тиіс:

- «Қар барысын бірге сақтайық!» тақырыбы бойынша көркем шығарма.

Экожүйедегі қар барысы немесе қар барысы бейнеленген суреттер (кескіндеме, графика) қабылданады.

4.3. Конкурсқа жеке авторлар қатыса алады, яғни конкурсқа жеке тұлға қатыса алады – әр жұмыстың авторы тек бір қатысушы бола алады.

4.4. Конкурсқа қатысушы Ұйымдастыру комитетіне нысанға сәйкес (1-қосымша) қатысуға өтінімді ұсынады және оған конкурстық материалдарды қоса береді (барлық жұмыстарды конкурсқа қатысушы Ұйымдастыру комитетіне мына электрондық поштаға: snowleopard_contest@mail.ru жібереді, pdf форматында сканерленген өнер туындылары немесе сапалы фотосуреттер).

4.5. Автор өзі ұсынған әрбір жұмыс үшін авторлық құқыққа ие болуы керек.

4.6. Жұмыстардың авторлары конкурстың Ұйымдастыру комитетіне материалдарды коммерциялық емес мақсатта пайдалануды көздейтін эксклюзивті емес авторлық құқықтарды (конкурс шеңберінде және БҰҰДБ-ның одан арғы жұмысында қайта шығару және көрсету) ұсынады. Конкурсқа ұсынылған жұмыстарды көпшілік алдында көрсету автордың аты-жөні міндетті түрде айтыла отырып жүзеге асырылады.

4.7. Жұмыстар қатысушыларға қайтарылмайды.

4.8. Конкурсқа ұсынылған жұмыстар редакцияланбайды.

5. КОНКУРСҚА ҰСЫНЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Барлық ұсынылған материалдар конкурс тақырыбына сай келуі тиіс.

5.2. Конкурсқа қатысу үшін конкурс өткізілгенге дейін кемінде 1 жыл бұрын құрылған жұмыстар қабылданады.

5.3. 7-12 және 12-16 жас аралығындағы жас суретшілерге арналған «Қар барысын бірге сақтайық!» тақырыбындағы конкурсқа қатысу үшін суреттер (кескіндеме, графика) сияқты жұмыстар қабылданады, оларда мыналар бейнелейді:

- 1) тікелей қар барысының өзі және т. б.;
- 2) қар барысының экожүйесі (мекендеу ортасы).

5.4. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар

5.4.1. Көркем жұмыстарға (суреттерге) қойылатын талаптар:

- Суреттің электронды форматы (PDF, jpeg, jpg, png форматында сканерленген көшірме)
- Сурет салудың кез-келген техникасына рұқсат етіледі (қарындаш, гуашь, акварель, пастель, майлы және акрил бояулары және т.б.)
- Сурет автордың (авторлардың) тегі, аты және жұмыс атауы, мектеп, сынып, аудан, ауылдық округ атауы көрсетілген ақпаратпен қоса берілуі тиіс. Көрсетілген талаптарға сай келмейтін жұмыстар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

5.5. Конкурс тақырыбына сай келмейтін жұмыстар қабылданбайды.

5.6. Суреттерді электронды поштаға жіберуді 2021 жығы 23 қазанға дейін кураторлар/қатысушылардың ата-аналары өз бетінше жүзеге асырады.

6. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ

6.1. Жеңімпаздарды қазылар алқасының мүшелері 2-қосымшаға сәйкес анықтайды.

6.2. Конкурстың қорытындыларын Ұйымдастыру комитеті 2021 жылғы 29 қазанда жеңімпаздарды марапаттау рәсімінде жариялайды.

6.3. Конкурстың қазылар алқасы мен Ұйымдастыру комитеті қосымша номинациялар мен арнайы жүлделер тағайындауға құқылы.

6.4. Марапаттау рәсімі конкурстың соңғы күні Өскемен қаласында өткізіледі.

6.5. Жеңімпаздар дипломдармен және арнайы сыйлықтармен марапатталады.

6.5.1. Марапаттау рәсіміне қатысуға мүмкіндігі жоқ жеңімпаздарға дипломдар, мүсіншелер мен арнайы сыйлықтар Қазпоштамен 3 апта ішінде немесе конкурс ұйымдастырушыларымен жеке кездескенде жеткізіледі.

6.6. Конкурстың жеңімпаздары, жүлдегерлері және басқа да марапаттарының иегерлері конкурстың жүлделері мен марапаттарын өз шығармашылығын жарнамалау және көпшілікке тарату үшін пайдалануға құқылы.

7. КОНКУРСТЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

7.1. Қазылар алқасы жұмыстарды бағалайды, конкурстың финалистерін, жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

7.2. Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері:

- Сурет пен тақырыптың сәйкестігі
- Ұсынылған идеяның шығармашылық ниеті, жаңалығы және өзіндік ерекшелігі
- Орындау техникасындағы шеберлік
- Композиция және түс схемасы
- Ерекше тәсіл: стандартты емес әдістерді, әдістер мен құрылғыларды қолдану
- Жұмыстың эстетикасы

8. ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАР:

8.1. 2-12 жас және 13-16 жас аралығындағы әр номинацияда ұйымдастырушылар мынадай жүлделерді қарастырады:

- 1 орын үшін жүлде
- 2 орын үшін жүлде
- 3 орын үшін жүлде

8.2. Конкурс жеңімпаздары лауреат дипломдарымен, конкурстың барлық қатысушылары – қатысушы сертификаттарымен (электрондық түрде) марапатталады.

Конкурсты ұйымдастырушысының байланыстары:

Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы
010000, Астана қаласы, Мәмбетов көшесі, 14

Конкурстық өтінімдерді қабылдау үшін ресми электрондық адрес:
snowleopard_contest@mail.ru

Байланыс үшін байланысушы тұлға:

Айнұр Сәлімбаева-БҰҰДБ PR маманы, Тел.: +7 707 910 0155

email: ainura.salimbayeva@undp.org

Нұргүл Әліпинова, Тел.: +7 701 999 66 42

email: nurgul_alipinova@mail.ru

Халықаралық қар барысы күніне арналған республикалық
конкурсты өткізу туралы ережеге
1-қосымша

**Халықаралық қар барысы күніне арналған
республикалық конкурстың шеңберіндегі
суреттер конкурсына қатысуға**

ӨТІНІМ

(*бұл өтінімді конкурсқа қатысушы толтырады)

1	Облыстың, қаланың, ауданның және елді мекеннің атауы	
2	Мектептің толық атауы, басқа оқу орны	
3.	Конкурсқа қатысушының аты-жөні	
4.	Конкурсқа қатысушының туған күні, жасы, сыныбы	
5.	Қатысушының телефоны	
6.	Өтінім берілген күн	
7.	Куратордың/ата-ананың аты-жөні.	
8.	Куратордың/ата-ананың телефоны	
9.	Қатысушының / куратордың электрондық поштасы (іс-шараның барлық кезеңінде конкурс туралы ақпаратты тарату үшін бір пошта адресі көрсетіледі)	
10.	Мен дербес деректерді өңдеуге, сондай-ақ менің жұмыстарымды конкурс өткізу кезеңінде және одан кейін пайдалануға келісім беремін.	Ата-ананың қолы

Өтінімді толтыру күні _____

Конкурсқа қатысушының ата-анасы

(Қолы)

(аты-жөні)

Конкурстың сараптамалық бағалау парағы

Конкурстық материалдардың атауы _____

Қазылар алқасы мүшесінің/сарапшының аты-жөні: _____

Сарапшының конкурстық материалдарды бағалауы (конкурсқа қатысушының аты-жөні, бағалау): _____

Ұсынылған критерийлерге сәйкес кестедегі тиісті ұяшықты кез келген белгімен белгілеп, конкурстық материалдарды шкаламен бағалаңыз, мұнда 0 - конкурстық материалдардағы критерийдің ең аз айқындылығы, 5 - критерийдің ең жоғары айқындылығы:

Конкурс критерийлері						
Конкурс туралы ереженің талаптарына сәйкестігі (ресімдеу, өтінімнің болуы және т. б.)	0	1	2	3	4	5
Бейне мен тақырыптың сәйкестігі	0	1	2	3	4	5
Ұсынылған идеяның шығармашылық ниеті, жаңалығы мен өзіндік ерекшелігі	0	1	2	3	4	5
Орындау техникасындағы шеберлік	0	1	2	3	4	5
Композиция және түс схемасы.	0	1	2	3	4	5
Ерекше тәсіл: стандартты емес әдістерді, әдістер мен құрылғыларды қолдану	0	1	2	3	4	5
Бұйымның эстетикасы	0	1	2	3	4	5

Ескертулер, түсініктемелер:

Толтырылған күні, қолы _____